Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

030012, Ақтөбеоблысы, Ақтөбеқаласы, Сатпаевкөшесі, 8А, тел: +7 (7132) 55-25-30; факс: +7 (7132) 55-25-30; email: 040202@sud.kz

Специализированный межрайонный экономический суд Актюбинской области

030012, Актюбинская область, город Актобе, улица Сатпаева, 8А, тел: +7 (7132) 55-25-30; факс: +7 (7132) 55-25-30; email: 040202@sud.kz

5-21/9977

11.09.23ж.

«Қандығаш қаласының мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ

Ақтөбе облысы, Қандығаш қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 3

Талап қоюшы «Қандығаш қаласының мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің жауапкер «СПБ-Групп» ЖШС шартты бұзу туралы №1513-23-00-2/1398 азаматтық ісі бойынша заңды күшіне енгендігі туралы анықтамасы бар 2023 жылғы 24 шілдедегі сот шешімінің көшірмесін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі.

Судья **Р.Б.Кустанов**

Абдуалиева Айдана
8/7132/55-25-29

Құжатты жасаған: ӘБДУӘЛИЕВА А.С. 8 705 380 0823, 8 7132 55-25-29, 713-2472@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: КУСТАНОВ Р.Б., 10.09.2023 15:47

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ, ЭСҚ тексеру нәтижесі оң

1513-23-5-21/9977 10.09.2023

Scanned with CamScanner

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 24-шілде Іс №1513-23-00-2/1398 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы С.Бектибаева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қандығаш қаласының мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.шартты бұзу

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор А.Есімғалиқызы
талап қоюшының өкілі А.Б.Курманова
жауапкердің өкілі Т.М.Қалмырзаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылдың 1 ақпанында №8 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 48 000 теңгеге бейнебақылау қызметтерді ай сайын 2023 жылдың 31 желтоқсанға дейін орындауға міндеттенген.

Scanned with CamScanner

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2023 жылдың 2 ақпанында төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қою арыз беріп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша мамыр айынан бастап міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және шартты бұзуды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысында маусым айынан бастап жұмыстарды орындамғанның айттылды, және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, шартты бұзу туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған,

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Шарт бойынша жауапкер жалпы сомасы 48 000 теңгеге қызметтерді орындауға міндеттенген.

Іс материалдарынан 2023 жылғы 24 наурызында 4 364 теңгеге, 22 мамырында 4 364 теңгеге және 16 маусымында 4 364 теңгеге жауапкер жалпы сомасы 13092 теңгеге міндетін орындап, тараптардың арасында электрондық актілеріне қол қойылған.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндетін мамыр айынан бастап орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Казуганова Б. А., 31.07.2023

Scanned with CamScanner

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК 401-бабының 2-тармағына сәйкес, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

АК 402-бабына сай, шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

Сотпен, шарт бойынша міндеттемелер жауапкермен бүгінгі күнге дейін орындалмағандығы анықталды.

Талап қоюшымен жауапкерге 2023 жылғы 2 мамырында шартын бұзу туралы хат жолданған.

Жауапкер міндеттерін уақытылы орындамау себептерінің негізділігін дәлелдейтін дәлелдемелерді сотқа ұсынбаған.

Осыған байланысты, жауапкермен шарт талаптары едәуір бұзылған, бұл өз кезегінде сотпен шартты бұзуға негіз болып табылады.

Жоғарыдағылардың негізінде, талап қоюшының талабының шартты бұзу бөлігінде қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджетке мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Заңды күшіне енген күні: 04.09.2023, судья Жусупов А. М., 07.09.2023

Scanned with CamScanner

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қандығаш қаласының мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Қандығаш қаласының мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен арасындағы 2023 жылдың 1 ақпанында №8 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзу.

«СПБ-Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет пайдасына 3450 (үш мың төрт жүз елу) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Көшірме дұрыс:

Төраға А.М.Жусупов

Анықтама

Шешім 4 қыркүйек 2023 жылы заңды күшіне енді.

Төраға Жусупов А.М.

Прошнуровано, пронумеровано
на 12 листах,
на 4 страницах
Председатель Жусупов А.М.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б.А., 31.07.2023

1513-23-3-1/1547

Scanned with CamScanner